

**«СӘРСЕН АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ» КЕ АҚ**

БЕКІТЕМІН

Директорлар кеңесі

«Сәрсен Аманжолов атындағы

Шығыс Қазақстан

университеті» КЕ АҚ

Хаттама №

бастан « 14 сәуір 2024 **г.**



**«СӘРСЕН АМАНЖОЛОВ АТЫНДАҒЫ
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ» КЕ АҚ
2024 ЖЫЛЫ МАГИСТРАТУРАСЫ МЕН ДОКТОРАНТУРАСЫНА
ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

ШҚУ Е 001-24

Екінші басылым

№ _____

Енгізу күні _____

**Өскемен қаласы
2024 ж.**

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2027 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ 2024 жылы магистратурасы мен докторантурасына қабылдау туралы» Ереже	ШҚУ Е 001-24	37 беттің 2 беті

Мазмұны

1	Жалпы ережелер.....	3
2	Нормативтік сілтемелер.....	3
3	Белгілеулер мен қысқартулар.....	3
4	Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың тәртібі.....	4
5	Магистратураға қабылдау және кешенді тестілеу өткізу.....	6
6	Докторантураға қабылдау және түсу емтихандарын өткізу.....	10
7	Апелляциялық комиссиялардың жұмысы.....	21
8	Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау.....	23
9	Жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау.....	25
10	Бейінді магистратураға ақылы негізде қабылдауға әңгімелесу өткізу тәртібі.....	25
11	Шетел азаматтарымен әңгімелесу өткізу тәртібі.....	27
12	Өзгерістер.....	28
13	Келісу, сақтау және тарату.....	29
	Қосымша 1.....	31
	Қосымша 2.....	32
	Қосымша 3.....	33
	Қосымша 4.....	34
	Қосымша 5.....	35
	Қосымша 6.....	36
	Қосымша 6.1.....	37
	Қосымша 7.....	38
	Қосымша 8.....	39



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2027 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ 2024 жылы магистратурасы мен докторантурасына қабылдау туралы» Ереже	ШҚУ Е 001-24	37 беттің 3 беті

1 Жалпы ережелер

1.1 «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ 2024 жылы магистратурасы мен докторантурасына қабылдау туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ (бұдан әрі - Университет) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына оқуға қабылдау тәртібін анықтайды.

1.2 Магистратура мен докторантурада оқу тек күндізгі түрде жүзеге асырылады.

1.3 Магистранттар, докторанттар контингентін қалыптастыру ғылыми-педагогикалық және бейінді бағыттар бойынша кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру арқылы, сондай-ақ білім алушылардың өз қаражаты және өзге де көздер есебінен оқу ақысын төлеуі арқылы жүзеге асырылады.

2 Нормативтік сілтемелер

2.1 Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңы;

2.2 «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңы № 88-V;

2.3 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы;

2.4 «Бакалавр» немесе «магистр» дәрежелері берілетін жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы № 58 Қаулысы;

2.5 «Кешенді тестілеуді өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 8 мамырдағы № 190 бұйрығы.

3 Белгілеулер мен қысқартулар

ҚР – Қазақстан Республикасы;

Университет – «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғам;

ШҚУ ҚР – Шығыс Қазақстан университеттің құжатталған рәсімі;



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2027 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ 2024 жылы магистратурасы мен докторантурасына қабылдау туралы» Ереже	ШҚУ Е 001-24	37 беттің 4 беті

ҚР ҒЖБМ – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі;

СІҚЕЖжБӨ – сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі жөніндегі басшылықтың өкілі;

СХЫЖАБ – стратегия, халықаралық ынтымақтастық және аккредиттеу бөлімі;

ҚБЖ – құрылымдық бөлімшенің жетекшісі;

КТ – Кешенді тестілеу;

ЭЫДҰ – экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы;

ҰТО – Ұлттық тестілеу орталығы.

4 Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың тәртібі

4.1 Магистратураға, докторантураға, оның ішінде мақсатты даярлау бойынша тұлғаларды қабылдау кешенді тестілеу (бұдан әрі - КТ) немесе түсу емтихандарының нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

4.2 Магистратураға, докторантураға шетелдіктерді қабылдау ақылы негізде жүзеге асырылады. Шетелдіктердің мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде тегін жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу құқығы магистратура бағдарламалары бойынша стипендиялық бағдарламаларды есепке алмағанда, ҚР-ның халықаралық шарттарымен айқындалады.

4.3 Мерзімді әскери қызмет өткергеннен кейін үш жыл ішінде бейінді магистратураға ақылы негізде мерзімді әскери қызмет өткерген адамдарды қабылдау университеттің қабылдау комиссиялары күнтізбелік жыл ішінде өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша түсу емтихандарынсыз жүзеге асырылады. Бұл ретте мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарды қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

4.4 Университет шетел азаматтарын ақылы негізде қабылдау университеттің қабылдау комиссиялары өткізетін әңгімелесудің нәтижесі бойынша күнтізбелік жыл бойы жүзеге асырылады. Бұл ретте, шетел азаматтарын қабылдау академиялық күнтізбесіне сәйкес келесі академиялық кезеңнің басталуына 5 (бес) күнге дейін жүргізіледі.

4.5 Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар заңнамада белгіленген тәртіппен танылады. Шет тіліндегі құжаттар мемлекеттік немесе орыс тіліндегі нотариалды куәландырылған



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2027 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ 2024 жылы магистратурасы мен докторантурасына қабылдау туралы» Ереже	ШҚУ Е 001-24	37 беттің 5 беті

аудармасымен бірге беріледі. Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар адамдар оқуға қабылданғаннан кейін оқудың 1 (бірінші) академиялық кезеңі ішінде ҚР-ның заңнамасында белгіленген тәртіппен білім туралы құжаттарды тану рәсімінен өтеді.

4.6 Құжаттарды қабылдау және түсу емтихандарын өткізуді ұйымдастыру үшін университеттің қабылдау комиссиясы құрылады. Қабылдау комиссиясының төрағасы басқарма төрағасы - ректор немесе оның міндетін атқарушы тұлға болып табылады. Қабылдау комиссиясының құрамы және қызметі басқарма төрағасы - ректор немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен бекітіледі.

4.7 Докторантураға түсушілер үшін қабылдау комиссиясы:

4.7.1 Түсушілерге таңдаған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары тобының мәселелері бойынша консультация беру, түсу емтиханының рәсімімен таныстырады;

4.7.2 Түсушілердің құжаттарын қабылдау мен тексеруді ұйымдастырады;

4.7.3 Білім беру бағдарламаларының тобы бойынша түсу емтихандарын өткізуді ұйымдастыруды жүзеге асырады.

4.8 Магистратураға түсушілер үшін қабылдау комиссиясы түсушілерге таңдаған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары тобының мәселелері бойынша консультация береді, кешенді тестілеу рәсімімен таныстырады.

4.9 Университет магистратурасына түсушілердің өтініштерін қабылдау университеттің қабылдау комиссиялары және (немесе) ҰТО-ның ақпараттық жүйесі арқылы келесі мерзімдерде жүзеге асырылады:

4.9.1 Күнтізбелік жылғы 01 маусымнан 08 шілдеге дейін;

4.9.2 Күнтізбелік жылғы 28 қазаннан 10 қарашаға дейін.

4.10 Магистратураға кешенді тестілеу келесі мерзімдерде өткізіледі:

4.10.1 Күнтізбелік жылғы 20 шілдеден 10 тамызға дейін;

4.10.2 Күнтізбелік жылғы 19 қарашадан 11 желтоқсанға дейін.

4.11 Университет докторантурасына өтініштерді қабылдау университеттің қабылдау комиссиялары және (немесе) ҰТО-ның ақпараттық жүйесі арқылы келесі мерзімдерде жүзеге асырылады:

4.11.1 Күнтізбелік жылғы 3 шілдеден 3 тамызға дейін;

4.11.2 Күнтізбелік жылғы 25 қазаннан 10 қарашаға дейін.

4.12 Докторантураға білім беру бағдарламаларының тобы бойынша түсу емтихандары келесі мерзімдерде жүзеге асырылады:

4.12.1 Күнтізбелік жылғы 4 тамыздан 20 тамызға дейін;

4.12.2 Күнтізбелік жылғы 19 қарашадан 11 желтоқсанға дейін.



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2027 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ 2024 жылы магистратурасы мен докторантурасына қабылдау туралы» Ереже	ШҚУ Е 001-24	37 беттің 6 беті

4.13 Магистратура мен докторантураға қабылдау келесі мерзімдерде жүзеге асырылады:

14.13.1 Күнтізбелік жылғы 15 тамыздан 28 тамызға дейін;

14.13.2 Күнтізбелік жылғы 26 желтоқсанның 10 қаңтарға дейін.

5 Магистратураға қабылдау және кешенді тестілеу өткізу

5.1 Магистратураға жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын игерген тұлғалар қабылданады.

5.2 Магистратураға түсушілер университеттің қабылдау комиссиясына күнтізбелік жылдың 25 мен 28 тамызы, 26 желтоқсаны - 10 қаңтары аралығында келесі құжаттарды тапсырады:

5.2.1 Басқарма төрағасы - ректордың атына еркін түрде өтініш;

5.2.2 Жоғары білімі туралы құжат (түпнұсқа);

5.2.3 Жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін қажет);

5.2.4 3x4 сантиметр өлшемді алты фотосурет;

5.2.5 № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрықпен бекітілген 075/у нысаны бойынша электрондық форматтағы медициналық анықтама;

5.2.6 Шетел тілі бойынша тест тапсырғаны туралы сертификат (бар болған жағдайда);

5.2.7 Жұмыс орны бойынша кадр қызметімен расталған еңбек қызметін растайтын құжат (еңбек өтілі бар тұлғалар үшін);

5.2.8 Ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімі (бар болған жағдайда).

5.2.6 және 5.2.7 тармақшаларда көрсетілген құжаттардың түпнұсқалары мен көшірмелері ұсынылады, салыстырып тексерілгеннен кейін түпнұсқалары қайтарылады.

5.3 Магистратураға түсуші тұлғалар күнтізбелік жылдың 25 мен 28 тамызы, 26 желтоқсаны - 10 қаңтары аралығында көрсетілетін университеттің қабылдау комиссиясы арқылы немесе www.egov.kz «электрондық үкіметтің» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы осы қағиданың 5.2 тармағында көрсетілген құжаттар топтамасын тапсырады.

5.4 Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұнын мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында келтірілген (ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 05.11.2021 № 554 «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары және (немесе) жоғары оқу



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2027 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ 2024 жылы магистратурасы мен докторантурасына қабылдау туралы» Ереже	ШҚУ Е 001-24	37 беттің 7 беті

орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты).

5.5 Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтер, жоғары білім туралы құжат, медициналық анықтама, интернатураны бітіргені туралы куәлік көрсетілетін қызметті берушіге тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден «электрондық үкімет» шлюзі арқылы беріледі.

5.6 Университеттің қабылдау комиссиясы құжаттар топтамасын қабылдауды, оларды тіркеуді және көрсетілетін қызметті алушыға құжаттар топтамасын қабылдау туралы қолхат беруді жүзеге асырады немесе көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

5.7 Құжаттарды портал арқылы берген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» мемлекеттік қызмет көрсетуге арналған сұрау салуды қарау мәртебесі туралы ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрсетіледі.

5.8 Университеттің қабылдау комиссиясы олар түскен сәттен бастап ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді және құжаттар толық болмаған жағдайда өтінішті қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды, ол өтініш берушіге порталдағы «жеке кабинетіне» электрондық құжат нысанында жіберіледі.

5.9 Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда университеттің қабылдау комиссиясына университетке қабылдау үшін құжаттарды қабылдау туралы хабарлама жіберіледі. Хабарламаны алғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушы университеттің қабылдау комиссиясына құжаттардың түпнұсқаларын күнтізбелік жылдың 28 тамызына, 5 қаңтарына дейін ұсынады.

5.10 Құжаттарды қабылдағаннан кейін басқарма төрағасы – ректор көрсетілетін қызмет алушыны университет магистранттардың қатарына қабылдау туралы бұйрық шығарады.

5.11 Университет мемлекеттік қызметті көрсетуден келесі негіздемелер бойынша бас тартады:

5.11.1 Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін анықтау;

5.11.2 Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін толық емес құжаттар топтамасын ұсынған;

5.11.3 Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын белгіленген мерзімнен кеш ұсынған жағдайда.

5.12 Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін университеттің қабылдау комиссиясының шешіміне, әрекетіне

Ar

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2027 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ 2024 жылы магистратурасы мен докторантурасына қабылдау туралы» Ереже	ШҚУ Е 001-24	37 беттің 8 беті

(әрекетсіздігіне) шағым ҚР-ның заңнамасына сәйкес басқарма төрағасы - ректордың атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға берілуі мүмкін.

5.13 Университеттің қабылдау комиссиясының атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

5.14 Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

5.15 Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының ҚР-ның заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

5.16 Ғылыми-педагогикалық магистратураға түсуші тұлғалар шет тілі (таңдау бойынша ағылшын, неміс, француз) бойынша тестілеуден, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тестілеуден, оқуға дайындығын анықтауға арналған таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тіліндегі тестілеуден тұратын КТ тапсырады.

5.17 Оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін бейінді магистратураға түсуші тұлғалар таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тіліндегі білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тестілеуден тұратын КТ тапсырады.

5.18 Оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін бейінді магистратураға түсуші тұлғалар ағылшын тіліндегі білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тестілеуден тұратын КТ тапсырады.

5.19 КТ өткізу ҚР Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 8 мамырдағы № 190 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18657 болып тіркелген) бекітілген Кешенді тестілеу өткізудің қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

5.20 КТ Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігі (бұдан әрі – ҚР ҒЖБМ) айқындайтын КТ өткізу пункттерінде ҚР ҒЖБМ Ұлттық тестілеу орталығы өткізеді. КТ нәтижелері бойынша электрондық сертификат беріледі, ол ҚР ҒЖБМ Ұлттық тестілеу орталығының сайтында расталады.

5.21 Түсу емтихандарын және КТ-ны тапсырған жылы оларды қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

5.22 Магистратураға түсетін тұлғалар шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификат болған кезде, балдарды ауыстыру шкаласына сәйкес келесі тілдер бойынша аударыла отырып, шет



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2027 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ 2024 жылы магистратурасы мен докторантурасына қабылдау туралы» Ереже	ШҚУ Е 001-24	37 беттің 9 беті

тілі бөлімінен өз қалауымен босатылады, халықаралық сертификаттары бар тұлғаларға КТ-ға электронды форматта және конкурсқа қатысу үшін өтініш берген кезде сертификат деректерін енгізу қажет:

- ағылшын тілі: IELTS Academic (International English Language Testing System Academic), шекті балл кемінде – 6,0;
- TOEFL IBT (Test of English as a Foreign Language Internet-based test), шекті балл кемінде – 60;
- неміс тілі: Deutsche Sprachprüfung fuer den Hochschulzugang (DSH, Niveau C1/C1 деңгейі), TestDaF-Prüfung (Niveau C1/C1 деңгейі);
- француз тілі: TFI (Test de Francais International™) – оқу және тыңдау секциялары бойынша B1 деңгейінен төмен емес), DELF (Diplome d'Etudes en Langue francaise) – B2 деңгейі, DALF (Diplome Approfondi de Langue francaise) – C1 деңгейі, TCF (Test de connaissance du francais), шекті балл кемінде – 50.

5.23 «Педагогикалық ғылымдар», «Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика», «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар», «Инженерлік, өңдеу және құрылыс саласы» білім беру салаларының білім беру топтары бағдарламаларына, сонымен қатар «Гуманитарлық ғылымдар», «Әлеуметтік ғылымдар», «Бизнес және басқару» кадрларын даярлау бағыттары бойынша магистратураға түсуші тұлғалар осы қағиданың **1-қосымшасына** сәйкес балдармен Graduate Record Examinations (грэдуэйт рекорд экзаменейшен) GRE стандартталған тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаты бар болған жағдайда оқыту қазақ немес орыс тілінде жүргізілетін магистратураға түсу үшін оқуға дайындығын айқындауға арналған тесттен және шет тілі бөлімінен босатылады. босатылады.

5.24 «Бизнес және басқару» мамандарын даярлау бағыттарының білім беру бағдарламалары топтары бойынша магистратураға түсуші тұлғалар осы қағиданың **2-қосымшасына** сәйкес балдармен Graduate Management Admission Test (грэдуэйт мэнэджмент адмишен тест) GMAT стандартталған тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаты бар болған жағдайда оқыту қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде оқытатын магистратураға түсу үшін КТ-дан босатылады.

5.25 Білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысу үшін құжаттарды тапсыру кезінде, сондай-ақ университетке қабылдау кезінде ұсынылатын сертификаттардың түпнұсқалығын және жарамдылық мерзімін университеттің қабылдау комиссиялары тексереді.

5.26 Осы тармақта көрсетілген шет тілі (ағылшын, француз, неміс) бойынша тест тапсырғаны туралы сертификаттардың біреуі бар тұлғаларға республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысу үшін өтініш берген кезде,

Handwritten signature

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2027 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ 2024 жылы магистратурасы мен докторантурасына қабылдау туралы» Ереже	ШҚУ Е 001-24	37 беттің 10 беті

сондай-ақ ақылы негізде университетке қабылданған кезде 50 балл есептеледі.

5.27 Мемлекеттік немесе ресми тілі ағылшын тілі болып табылатын елдерде шетелдік университетті аяқтаған және экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) мүше мемлекеттердің аккредиттеу органдарының тізіліміне және (немесе) қауымдастығына енгізілген шетелдік аккредиттеу органдарының мамандандырылған аккредитациясы бар тұлғалар 5 жыл ішінде оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратураға КТ тестілеуінің «Шет тілі» (ағылшын тілі) бөлімін тапсырудан босатылады.

5.28 Магистратураға түсушілер өтініште білім беру бағдарламаларының бір тобын және 3 (үш) университетке дейін көрсетеді.

5.9 Кешенді тестілеудің нәтижелері өткізілген күні жарияланады.

6 Докторантураға қабылдау және түсу емтихандарын өткізу

6.1 Докторантураға «магистр» дәрежесі және кемінде 9 ай еңбек өтілі бар тұлғалар қабылданады.

6.2 Докторантураға түсуші тұлғалар қабылдау комиссиясына күнтізбелік жылдың 25 мен 28 тамызы, 26 желтоқсаны - 10 қаңтары аралығында келесі құжаттарды тапсырады:

6.2.1 Басқарма төрағасы – ректордың атына еркін түрде өтініш;

6.2.2 Білімі туралы құжат (түпнұсқасы);

6.2.3 Жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін қажет);

6.2.4 ҰТО берген мемлекеттік тіл бойынша емтихан (КАЗТЕСТ) тапсырғаны туралы ресми сертификат;

6.2.5 Шетел тілі бойынша тест тапсырғаны туралы сертификат:

– ағылшын тілін меңгеру бойынша: International English Language Tests System Academic (Интернашнал Инглиш Лангудж Тестс Систем Академик) (IELTS Academic) (АЙЛТС Академик), шекті балл кемінде – 5,0;

– Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm Internet-based Test (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инститьюшнал Тестинг програм Интернет бейзид тест) (TOEFL IBT) (ТОЙФЛ АЙБИТИ), шекті балл кемінде – 35;

- Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж институционал тестинг програм) (TOEFL ITP) (ТОЙФЛ АЙТИПИ), шекті балл – кемінде 417;

- TOEIC (Test of English for International Communication (Тест ов Инглиш фо Интернейшнал комуникэйшн)), шекті балл кемінде – 550;



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2027 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ 2024 жылы магистратурасы мен докторантурасына қабылдау туралы» Ереже	ШҚУ Е 001-24	37 беттің 11 беті

- Duolingo English Test (Дуолинго Ингиш тест), шекті балл кемінде – 80;

- неміс тілін меңгеру бойынша:

- Deutsche Sprachprüfung fuer den Hochschulzugang Niveau B1 (дойче шпрахпрюфун фюр дейн хохшулцуган ниво B1) (DSH, Niveau B1) (ДЙСИЭИЧ, ниво B1) – B1 деңгейінен төмен емес;

- TestDaF-Prüfung Niveau B1 (тестдаф-прюфун ниво B1) (TDF Niveau B1) (ТЙДИЭФ, ниво B1) – B1 деңгейінен төмен емес;

- француз тілін меңгеру бойынша: Test de Français International (Тест де франсэ Интернациональ) (TFI) (ТФИ) - оқу және тындау секциялары бойынша B1 деңгейінен төмен емес;

- Diplome d'Etudes en Langue française (Диплом дэтюд ан Ланг франсэз) (DELFI) (ДЭЛФ) – B1 деңгейінен төмен емес;

- Diplome Approfondi de Langue française (Диплом Аппрофонди де Ланг Франсэз) (DALF) (ДАЛФ) – B1 деңгейінен төмен емес;

- Test de connaissance du français (Тест де коннэссанс дю франсэ) (TCF) (ТСФ) – B2 деңгейінен төмен емес;

6.2.6 № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрықпен бекітілген 075/у нысаны бойынша электрондық форматтағы медициналық анықтама;

6.2.7 3x4 сантиметр көлеміндегі алты фотосурет;

6.2.8 Жұмыс орны бойынша кадр қызметімен расталған кадрларды есепке алу жөніндегі жеке іс парағы немесе еңбек қызметін растайтын өзге құжат;

6.2.8 Соңғы 3 күнтізбелік жылдағы ғылыми жарияланымдар тізбесі (болған жағдайда), зерттеулер жүргізу жоспары және эссе;

6.2.4, 6.2.5 және 6.2.8 тармақшаларда көрсетілген құжаттардың түпнұсқалары мен көшірмелері ұсынылады, салыстырып тексерілгеннен кейін түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

6.3 Докторантураға түсуші тұлғалар күнтізбелік жылдың 22 мен 28 тамызы, 26 желтоқсаны - 10 қаңтары аралығында көрсетілетін университеттің қабылдау комиссиясы немесе портал арқылы осы қағиданың 6.2 тармағында көрсетілген құжаттар топтамасын тапсырады.

6.4 Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында келтірілген.

6.5 Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтер, жоғары білім туралы құжат, медициналық анықтама, университеттің қабылдау



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2027 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ 2024 жылы магистратурасы мен докторантурасына қабылдау туралы» Ереже	ШҚУ Е 001-24	37 беттің 12 беті

комиссиясына «электрондық үкімет» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден ұсынылады.

6.6 Университеттің қабылдау комиссиясы құжаттар топтамасын қабылдауды, оларды тіркеуді және көрсетілетін қызметті алушыға құжаттар топтамасын қабылдау туралы қолхат беруді жүзеге асырады немесе көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

6.7 Құжаттарды портал арқылы берген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» мемлекеттік қызмет көрсетуге арналған сұрау салуды қарау мәртебесі туралы ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрсетіледі.

6.8 Университеттің қабылдау комиссиясы олар түскен сәттен бастап ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді және құжаттар толық болмаған жағдайда өтінішті қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды, ол өтініш берушіге порталдағы «жеке кабинетіне» электрондық құжат нысанында жіберіледі.

6.9 Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда университеттің қабылдау комиссиясына университетке қабылдау үшін құжаттарды қабылдау туралы хабарлама жіберіледі. Хабарламаны алғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушы университеттің қабылдау комиссиясына құжаттардың түпнұсқаларын күнтізбелік жылдың 28 тамызына дейін ұсынады.

6.10 Құжаттарды қабылдағаннан кейін басқарма төрағасы - ректор көрсетілетін қызметті алушыны университет докторанттары қатарына қабылдау туралы бұйрық шығарады.

6.11 Университет мемлекеттік қызметті көрсетуден келесі негіздемелер бойынша бас тартады:

6.11.1 Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін анықтау;

6.11.2 Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін толық емес құжаттар топтамасын ұсынған;

6.11.3 Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын белгіленген мерзімнен кеш ұсынған жағдайда.

6.12 Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша университеттің қабылдау комиссиясының шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым ҚР-ның заңнамасына сәйкес басқарма төрағасы - ректордың атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға берілуі мүмкін.



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2027 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ 2024 жылы магистратурасы мен докторантурасына қабылдау туралы» Ереже	ШҚУ Е 001-24	37 беттің 13 беті

6.13 Университеттің қабылдау комиссиясының атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

6.15 Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

6.16 Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының ҚР-ның заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

6.17 Докторантураның білім беру бағдарламаларының топтары бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша мақсатты даярлау аясында тұлғалардың өтініштерін (еркін түрде) қабылдау университетте жүргізіледі.

6.18 Докторантураға түсушілер шет тілін маңгерудің жалпыеуропалық құзыреттілікке (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергендігін растайтын халықаралық сертификаттарды ұсынады:

- ағылшын тілін меңгеру бойынша: International English Language Tests System Academic (Интернашнал Инглиш Лангудж Тестс Систем Академик) (IELTS Academic) (АЙЛТС Академик), шекті балл кемінде – 5,0;

- Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm Internet-based Test (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инстительюшнал Тестинг програм Интернет бейзид тест) (TOEFL IBT) (ТОЙФЛ АЙБИТИ), шекті балл кемінде – 35;

- Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж институшинал тестинг програм) (TOEFL ITP) (ТОЙФЛ АЙТИПИ), шекті балл – кемінде 417;

- TOEIC (Test of English for International Communication (Тест ов Инглиш фо Интернейшнал комуникэйшн)), шекті балл кемінде – 550;

- Duolingo English Test (Дуолинго Ингиш тест), шекті балл кемінде – 80;

- неміс тілін меңгеру бойынша:

- Deutsche Sprachpruefung fuer den Hochschulzugang Niveau B1 (дойче шпрахпрюфун фюр дейн хохшулцуган ниво B1) (DSH, Niveau B1) (ДЙСИЭИЧ, ниво B1) – B1 деңгейінен төмен емес;

- TestDaF-Prufung Niveau B1 (тестдаф-прюфун ниво B1) (TDF Niveau B1) (ТЙДИЭФ, ниво B1) – B1 деңгейінен төмен емес;

- француз тілін меңгеру бойынша: Test de Français International (Тест де франсэ Интернациональ) (TFI) (ТФИ) - оқу және тыңдау секциялары бойынша B1 деңгейінен төмен емес;



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2027 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ 2024 жылы магистратурасы мен докторантурасына қабылдау туралы» Ереже	ШҚУ Е 001-24	37 беттің 14 беті

- Diplome d'Etudes en Langue français (Диплом дэтюд ан Ланг франсэз) (DELF) (ДЭЛФ) – B1 деңгейінен төмен емес;

- Diplome Approfondi de Langue français (Диплом Аппрофонди де Ланг Франсэз) (DALF) (ДАЛФ) – B1 деңгейінен төмен емес;

- Test de connaissance du français (Тест де коннэссанс дю франсэ) (TCF) (ТСФ) – B2 деңгейінен төмен емес;

TOEFL ITP (Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm) сертификаты бар тұлғалар докторантураға түсу емтиханы басталғанға дейін ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеуді тапсырады.

Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеудің тест тапсырмаларының саны 100 сұрақты құрайды. Ең жоғарғы балл саны 100 балды құрайды.

Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеу «өтті» немесе «өтпеді» деген нысанда бағаланады. «Өтті» деген бағаны алу үшін кемінде 75 балл жинау керек.

Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеуді ҰТО білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған ұйымдарда өткізеді.

Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеудің өткізілу күні, уақыты және орны түсушіге оның «жеке кабинеті» арқылы жолданады.

6.19 Мемлекеттік немесе ресми тілі ағылшын тілі болып табылатын елдерде шетелдік университетті аяқтаған және экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) мүше мемлекеттердің аккредиттеу органдарының тізіліміне және (немесе) қауымдастығына енгізілген шетелдік аккредиттеу органдарының мамандандырылған аккредитациясы бар тұлғалар 5 жыл ішінде осы тармақта көрсетілген шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттарды ұсынбайды.

6.20 Докторантураға түсу емтиханы қағаз немесе компьютерлік форматта өткізіледі.

6.21 Докторантураның білім беру бағдарламаларының топтары бойынша компьютерлік форматтағы түсу емтиханы 3 **қосымшаға сәйкес** білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған ұйымдарда өткізіледі (ҰТО).

6.22 Компьютерлік форматта докторантураға түсу емтиханы мынадай блоктардан тұрады:

6.22.1 Оқуға түсушімен университеттің емтихан комиссиясы өткізетін әңгімелесу;

6.22.2 Эссе жазудан;



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2027 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ 2024 жылы магистратурасы мен докторантурасына қабылдау туралы» Ереже	ШҚУ Е 001-24	37 беттің 15 беті

6.22.3 Білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауаптардан тұрады.

6.23 **8 қосымшаға** сәйкес қорытынды баға эссені бағалау, білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына берілген жауаптар мен әңгімелесу нәтижелерін қосу арқылы қосындысынан алынған балдар жиынтығынан тұрады.

6.24 Докторантураға түсу емтиханына 3 сағат 30 минут (210 минут) беріледі, оның ішінде: әңгімелесуге – 20 минут; эссе және білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауаптар жазуға – 190 минут (3 сағат 10 минут).

6.25 Бұл ретте, көру, есту, тірек-қимыл аппаратының функциялары бұзылған мүгедектігі бар адамдарға "Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 44 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10589 болып тіркелген) бекітілген мүгедектікті белгілеу туралы құжатты ұсынған жағдайда 60 минутқа дейін қосымша уақыт беріледі.

6.26 Компьютерлік форматтағы түсу емтиханын бастау үшін түсушіге:

6.26.1 Логин көрсету;

6.26.2 Паролін көрсету;

6.26.3 Адам бетінің көлемдік-кеңістіктік формасының сканері арқылы авторизациялау;

6.26.4 Докторантураға компьютерлік форматтағы түсу емтиханын өткізу қағидаларымен танысу;

6.26.5 Түсу емтиханы туралы деректердің дұрыстығын растау;

6.26.6 «Кіру» батырмасын басқаннан кейін түсу емтиханын тапсыруға кірісу қажет.

6.27 Түсу емтиханы аяқталған соң түсушінің эссе және білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарының бөлімдері бойынша жауаптары өзі таңдаған университетке өңдеу және бағалау үшін жіберіледі.

6.28 Компьютерлік форматтағы түсу емтиханының нәтижесі түсу емтиханы өткізілгеннен кейін келесі күні жарияланады.

6.29 Түсу емтиханының және (немесе) апелляцияға өтінішті қарау (апелляцияға өтініш берген жағдайда) нәтижелері бойынша түсушіге ҰТО-ның сайтында жарияланатын және түсушінің жеке кабинетіне жолданатын электрондық сертификат беріледі.

6.30 Докторантураға компьютерлік форматтағы түсу емтиханының электрондық сертификаты ҰТО-ның сайтында расталады.



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2027 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ 2024 жылы магистратурасы мен докторантурасына қабылдау туралы» Ереже	ШҚУ Е 001-24	37 беттің 16 беті

6.31 4 мен 20 тамыз аралығында өткізілетін түсу емтиханының сертификаты ағымдағы күнтізбелік жылғы 1 желтоқсанға дейін жарамды болады.

6.32 18 қараша мен 11 желтоқсан аралығында өткізілетін түсу емтиханының сертификаты келесі күнтізбелік жылғы 1 наурызға дейін жарамды болады.

6.33 Университет алқалық басқару органымен эссе тақырыптарын, білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша сұрақтарды түсу емтихандары басталғанға дейін екі ай бұрын бекітеді және ресми сайтында алқалық басқару органы бекіткен эссе тақырыптарын, білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша сұрақтарды орналастырады.

6.34 Компьютерлік форматтағы түсу емтиханының өткізу қағидаларының сақталуын бақылауды жүзеге асыру үшін уәкілетті орган айқындаған ұйымдарға түсу емтихандарының әкімшілері және білім беру саласындағы уәкілетті органның, басқа да мүдделі мемлекеттік органдар мен ведомстволар қызметкерлерінің, азаматтық қоғам институттары, үкіметтік емес ұйымдар өкілдерінің қатарынан бақылаушылар жіберіледі. Түсу емтихандарының әкімшілері аудитория мен дәліз бойынша кезекші қызметін атқарады.

6.35 Түсушілер компьютерлік форматтағы түсу емтиханына бір-бірден кіргізіледі және жеке басын куәландыратын құжаты немесе төлқұжаты негізінде түсушілердің жеке басы бетінің көлемдік-кеңістіктік формасының сканерленуі арқылы сәйкестендіріледі.

6.36 Компьютерлік форматтағы түсу емтиханына кіргізу кезінде қол және рамалық металл іздегіштер пайдаланылады.

6.37 Компьютерлік форматтағы түсу емтиханына кіргізу барысында металл іздегішпен тексеру кезінде тыйым салынған заттар (деректермен қамтылған шпаргалкалар, оқу-әдістемелік әдебиеттер, Менделеев кестесі және тұздардың ерігіштігі кестесі, калькулятор, фотоаппарат, ұялы байланыс құралдары (пейджер, ұялы телефондар, планшеттер, iPad (Айпад), iPod (Айпод), SmartPhone (Смартфон), рациялар, ноутбуктер, плейерлер, модемдер (мобильді роутерлер), смарт сағаттар, смарт көзілдіріктер, фитнес-браслеттер (трекер), диктофондар, сымды және сымсыз құлаққаптар, сымсыз бейнекамералар, GPS (ДжиПиЭс) навигаторлар, GPS (ДжиПиЭс) трекерлер, қашықтан басқару құрылғылары, сондай-ақ келесі стандарттарда жұмыс істейтін басқа да ақпарат алмасу құрылғылары: GSM (ДжиСиМ), 3G (3 Джи), 4G (4 Джи), 5G (5 Джи), VHF (ВиЭйчЭф), UHF (ЮЭйчЭф), Wi-Fi (Вай-фай), GPS (ДжиПиЭс), Bluetooth (Блютуз), Dect (Дект) табылған жағдайда түсу емтиханының әкімшісі докторантураға компьютерлік форматтағы түсу



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2027 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ 2024 жылы магистратурасы мен докторантурасына қабылдау туралы» Ереже	ШҚУ Е 001-24	37 беттің 17 беті

емтиханына кіргізу барысында тыйым салынған заттарды табылғаны туралы акт жасайды және түсуші ағымдағы жылы түсу емтиханына жіберілмейді.

6.38 Түсу емтиханына кіргізу барысында бөгде адам анықталған жағдайда түсу емтиханының әкімшісі докторантураға компьютерлік форматтағы түсу емтиханына кіргізу барысында бөгде тұлғаның анықталуы туралы акт жасайды, түсуші осы түсу емтиханына кіргізілмейді.

6.39 Өз орнына «бөтен тұлғаны» кіргізуге талпынған түсушілерге ағымдағы жылы докторантураға түсу емтиханына кіруге рұқсат етілмейді.

6.40 Докторантураға компьютерлік форматтағы түсу емтиханын өткізу барысында түсушіге:

6.40.1 Аудиториядан дәліз кезекшісінің функциясын аткаратын түсу емтиханы әкімшісінің рұқсатынсыз және алып жүруінсіз шығуға;

6.40.2 Аудиториядан 2 рет және ұзақтығы 10 минуттан артық шығуға;

6.40.3 Сөйлесуге, орын ауыстыруға;

6.40.4 Құжаттармен және бейінді білім беру бағдарламаларының тобы бойынша емтихан сұрақтарының жауаптарына арналған түсушіге берілетін А4 форматындағы парағымен алмасуға;

6.40.5 Құжаттарды және бейінді білім беру бағдарламаларының тобы бойынша емтихан сұрақтарының жауаптарына арналған түсушіге берілетін А4 форматындағы паракты аудиториядан шығаруға, сондай-ақ оларды жырту, умаждау арқылы бүлдіруге;

6.40.6 Аудиторияға деректермен қамтылған шпаргалкаларды, қағазды, оқу-әдістемелік әдебиеттерін, Менделеев кестесі және тұздардың ерігіштігі кестесін, калькуляторды, фотоаппаратты, ұялы байланыс құралдарын (пейджер, ұялы телефондар, планшеттер, iPad (Айпад), iPod (Айпод), SmartPhone (Смартфон), рацияларды, ноутбуктерді, плеерлерді, модемдерді (мобильді роутерлер), смарт көзілдірікті, смарт сағаттарды, фитнес-браслеттерді (трекер), диктофондарды, сымды және сымсыз құлаққаптарды, сымсыз бейнекамераларын, GPS (ДжиПиЭс) навигаторларын, GPS (ДжиПиЭс) трекерлерін, қашықтан басқару құрылғыларын, сондай-ақ мынадай стандарттарда жұмыс істейтін басқа да ақпарат алмасу құрылғыларын: GSM (ДжиСиМ), 3G (3 Джи), 4G (4 Джи), 5G (5 Джи), VHF (ВиЭйчЭф), UHF (ЮЭйчЭф), Wi-Fi (Вай-фай), GPS (ДжиПиЭс), Bluetooth (Блютуз), Dect (Дект) алып кіруіне және қолдануына;

6.40.7 Түсу емтиханына пайдаланылатын техникаға және қауіпсіздік жүйесіне қасақана зиян келтіруге;

6.40.8 Түсу емтиханы басталар алдында немесе түсу емтиханы кезінде шулауға;

6.40.9 Тестілеу тапсырмалары мен емтихан сұрақтарының мазмұнын талқылауға және жария етуге;



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2027 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ 2024 жылы магистратурасы мен докторантурасына қабылдау туралы» Ереже	ШҚУ Е 001-24	37 беттің 18 беті

6.40.10 Түсу емтиханының жүйесіне араласу әрекетіне және түсу емтиханын өтуге байланысты өзге де бұзушылықтарға рұқсат етілмейді.

6.41 Бұл ретте түсу емтиханы өткізілетін компьютердің интерфейсіндегі калькуляторларды, Менделеев кестесін және тұздардың ерігіштігі кестесін пайдалануға рұқсат етіледі.

6.42 Түсу емтиханында осы тармақта көрсетілген тыйым салынған заттар түсушіден табылған кезде, сондай-ақ, түсуші осы тармақты бұзған жағдайда түсу емтиханының әкімшісі бақылаушылармен бірге докторантураға компьютерлік форматтағы түсу емтиханын өткізу барысында тыйым салынған заттардың тәркіленуі және тәртіп сақтау ережесін бұзған және (немесе) әрекеттері немесе түсу емтиханы жүйесіне араласу әрекеті және түсу емтиханынан өту кезіндегі өзге де бұзушылықтар жасаған түсушіні аудиториядан шығару туралы акт жасайды. Түсуші аудиториядан шығарылады. Түсу емтиханының нәтижелері өңделмейді және жойылады.

6.43 Түсу емтиханын өткізу барысында бөгде адам анықталған жағдайда, түсу емтиханының әкімшісі бақылаушылармен бірлесіп осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша докторантураға компьютерлік форматтағы түсу емтиханы барысында бөгде адамның анықталғаны туралы акт жасайды.

6.44 Бөгде адам аудиториядан шығарылады. Түсу емтиханының нәтижелері өңделмейді және жойылады.

6.45 Түсу емтиханы барысында өз орнына «бөгде адамды» кіргізген түсушілерге ағымдағы жылы докторантураға түсу емтиханын тапсыруға рұқсат етілмейді.

6.46 Түсу емтиханы кезінде техниканың техникалық ақауы болған жағдайда түсуші түсу емтиханының әкімшісіне хабарлау қажет. Түсу емтиханының әкімшісі бақылаушылармен бірлесіп, түсу емтиханы кезінде техниканың техникалық ақаудың анықталғаны туралы акті жасайды.

6.47 Түсу емтиханын өткізу пунктінде электр қуаты ажыратылған жағдайда немесе түсу емтиханының жазбасы жүргізілмейтін басқа да форс-мажорлық жағдайларда, Ұлттық тестілеу орталығының келісі түсу емтиханының әкімшісі мен өңірлік мемлекеттік комиссия түсу емтиханы процесін тоқтату және басқа күнге ауыстыру туралы акт жасай отырып, түсу емтиханы процесін тоқтатады (күшін жояды) және басқа күнге ауыстырады.

6.48 Түсу емтиханы процесін тоқтата тұру және ауыстыру туралы акт түсу емтиханы әкімшісі және өңірлік мемлекеттік комиссиямен бірлесіп жасалады.

6.49 Электр қуаты ажыратылған жағдайда, түсушінің жұмыс орнында түсу емтиханының процесі туралы деректер (тест тапсырмалары мен емтихан



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2027 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ 2024 жылы магистратурасы мен докторантурасына қабылдау туралы» Ереже	ШҚУ Е 001-24	37 беттің 19 беті

сұрақтарына бұрын белгіленген жауаптар, түсу емтиханының пайдаланылған уақытының саны) сақталады.

6.50 Түсу емтиханын одан әрі жалғастырған кезде түсуші түсу емтиханы процесі тоқтатылған жерден бастап түсу емтиханы процесін жалғастырады.

6.51 Түсу емтиханын басқа күнге ауыстырған жағдайда түсушінің түсу емтиханы тоқтатылғанға дейін тест тапсырмалары мен емтихан сұрақтарына бұрын белгіленген жауаптары сақталмайды.

6.52 Күнтізбелік жылғы 4 тамыз бен 20 тамыз аралығында өткізілген докторантураға компьютерлік форматтағы түсу емтиханы аяқталғаннан кейін, 3 (үш) ай бойы ҰТО түсу емтиханы кезіндегі бейнебақылау жазбаларын қарауды жүзеге асырады.

6.53 Күнтізбелік жылғы 18 қарашадан 11 желтоқсанға дейінгі кезеңде өткізілген докторантураға компьютерлік форматтағы түсу емтиханы аяқталғаннан кейін, 3 (үш) ай бойы ҰТО түсу емтиханы кезіндегі бейнебақылау жазбаларын қарауды жүзеге асырады.

6.54 Түсу емтиханында және тестілеу жүйесіндегі түсушінің тіркеу файлдарын (логтарын) тексеру нәтижесі бойынша түсушілердің осы Қағидалардың 6-34 және 26-40 -тармақтарында көрсетілген тыйым салынған заттарды пайдаланғандығы анықталған жағдайда ҰТО Докторантураға компьютерлік форматтағы түсу емтиханын өткізу барысында тыйым салынған заттардың тәркіленуі және тәртіп сақтау ережесін бұзған және (немесе) әрекеттері немесе түсу емтиханы жүйесіне араласу әрекеті және түсу емтиханынан өту кезіндегі өзге де бұзушылықтар жасаған түсушіні аудиториядан шығару туралы акт жасайды және растайтын материалдарымен бірге білім беру саласындағы уәкілетті органға ұсынады.

6.55 Аудиторияда өткізу қағидаларын бұзған және немесе түсу емтиханының бағдарламасына араласуға әрекет жасаған және түсу емтиханынан өту кезінде өзге де бұзушылықтар жасаған оқуға түсушіні тыйым салынған заттарды жою және аудиториядан шығару актісі растайтын материалдар білім беру саласындағы уәкілетті орган құратын комиссияның қарауына ұсынылады.

6.56 Комиссияның шешімімен түсу емтихандарының сертификаттары білім беру саласындағы уәкілетті органның бұйрығымен жойылады.

6.57 Түсу емтиханының сертификаты жойылғаннан кейін университетке түсушіге хабарлама жібереді.

6.58 Докторантураға түсетін адамдар үшін әңгімелесуді университетте «Эссе жазу» және «Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауаптар» блоктары бойынша түсу емтихандарын тапсырғанға дейін дербес жүргізеді.



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2027 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ 2024 жылы магистратурасы мен докторантурасына қабылдау туралы» Ереже	ШҚУ Е 001-24	37 беттің 20 беті

6.59 Әңгімелесу оқуға түсушінің кәсіби және жеке қасиеттерін, ғылыми - зерттеу немесе эксперименттік-зерттеу жұмыстарын жүргізу әлеуетін бағалауға бағытталған.

6.60 Әңгімелесу міндетті түрде бейне байланысты пайдалана отырып, қашықтықтан жүргізіледі. Бейнежазба архивте кемінде үш жыл сақталады.

6.61 Әңгімелесу емтихан комиссиясының төрағасы, мүшелері және хатшысы қол қоятын хаттамамен ресімделеді.

6.62 Оқуға түсуші әңгімелесуге келмеген жағдайда 0 балл қойылады, хаттамамен ресімделеді, оған емтихан комиссиясының төрағасы, мүшелері және хатшысы қол қояды.

6.63 Докторантураға түсу емтихандарын өткізу кезеңінде – университетте білім беру бағдарламаларының топтары бойынша емтихан комиссиялары құрылады. Кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша бір емтихан комиссиясын құруға жол беріледі.

6.64 Білім беру бағдарламаларының топтары бойынша емтихан комиссиялары тиісті бейінге сәйкес университеттің профессор-оқытушылық құрамының, ғылым докторы немесе кандидаты ғылыми дәрежесі бар немесе философия докторы (PhD) дәрежесі бар университет қызметкерлерінің қатарынан қалыптастырылады.

6.65 Емтихан комиссиясының құрамына апелляциялық комиссияның мүшелері кірмейді.

6.66 Емтихан комиссиясының құрамы олардың төрағалары көрсетіле отырып басқарма төрағасы - ректорымен бекітіледі және білім беру саласындағы уәкілетті органға жіберіледі.

6.67 Университеттің емтихан комиссиялары жұмыстарды түсушінің жеке коды бойынша тексереді және қарау нәтижелерін ақпараттық жүйе арқылы ҰТО-ға нәтижелерді одан әрі жариялау үшін жібереді.

6.68 «Педагогикалық ғылымдар», «Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика», «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар», «Инженерлік, өңдеу және құрылыс саласы» білім беру салаларының білім беру бағдарламаларының топтары бойынша докторантураға түсушілер, сондай-ақ «Гуманитарлық ғылымдар», «Әлеуметтік ғылымдар», «Бизнес және басқару» кадрларын даярлау бағыттары бойынша түсуші тұлғалар білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарының бөлімін тапсырады және осы Үлгілік қағидалардың **4-қосымшасына сәйкес** балдарды аудару шкаласына сәйкес GRE Graduate Record Examinations (грэдуэйт рекорд экзаменейшен) стандартталған тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаты болған кезде эссе жазудан босатылады. Стандартталған GRE тестін тапсыру туралы



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2027 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ 2024 жылы магистратурасы мен докторантурасына қабылдау туралы» Ереже	ШҚУ Е 001-24	37 беттің 21 беті

халықаралық сертификаты бар тұлғалар түсу емтиханы мен конкурсқа қатысу үшін өтініш берген кезде деректерді енгізуі керек.

6.69 Ұсынылатын сертификаттардың түпнұсқалылығын және жарамдылық мерзімін университеттің қабылдау комиссиялары тексереді.

7 Апелляциялық комиссиялардың жұмысы

7.1 Түсу емтиханының нәтижелерімен келіспеген тұлғалардың өтініштерін қарастыру үшін университетте апелляциялық комиссиялар құрылады. Университеттегі апелляциялық комиссияның төрағасы мен құрамы қабылдау комиссиясы төрағасының бұйрығымен бекітіледі.

7.2 КТ нәтижелерімен келіспеген тұлғалардың өтініштерін қарастыру үшін ҚР ҒЖБМ жанында Республикалық апелляциялық комиссия құрылады. Республикалық апелляциялық комиссияның төрағасы мен құрамы ҚР ҒЖБМ бұйрығымен бекітіледі.

7.3 Апелляциялық комиссия докторантураға түсуші тұлғалардан емтихан материалдарының мазмұны мен техникалық себептері бойынша түскен өтініштерді қабылдайды және қарайды.

7.4 Республикалық апелляциялық комиссия магистратураға түсетін тұлғалардың тест тапсырмаларының мазмұны мен техникалық себептері бойынша өтініштерін қарайды.

7.5 Апелляциялық комиссия және (немесе) Республикалық апелляциялық комиссия түсу емтиханының немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламалары топтары бойынша КТ нәтижелеріне шағымданатын адамның өтініші туралы шешім қабылдайды.

7.6 Докторантураға, магистратураға түсуші тұлғалардан апелляцияға өтініш апелляциялық комиссия төрағасының атына жеке немесе ҰТО-ның ақпараттық жүйесі арқылы беріледі.

7.7 Өтініштер докторантураға түсу емтихандары және КТ нәтижелері жарияланғаннан кейінгі келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады және университеттің апелляциялық комиссиясы өтініш берілген күннен бастап бір күн ішінде қарайды.

7.8 Докторантураға компьютерлік форматтағы түсу емтиханы бойынша апелляцияға өтініш нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13:00-ден 13:40-ға дейін білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған ұйымдардың базасында қабылданады.

7.9 Мазмұны және техникалық себеп бойынша докторантураға түсуші тұлғалардан ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеу апелляциясын Республикалық апелляциялық комиссия қарастырады.



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2027 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ 2024 жылы магистратурасы мен докторантурасына қабылдау туралы» Ереже	ШҚУ Е 001-24	37 беттің 22 беті

7.10 Докторантураға түсу емтиханына мазмұны бойынша апелляцияға 40 минут беріледі.

7.11 Техникалық себеп бойынша апелляция тест тапсырмасы шартының фрагменті (мәтін, сызба, суреттер, кестелер) болмаса, соның нәтижесінде дұрыс жауапты анықтау мүмкін болмағанда қабылданады.

7.12 Апелляцияға арналған өтініште көрсетілген нақты фактілер қарастырылуға жатады.

7.13 Докторантураға түсуші тұлғалар ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеу апелляциясының техникалық себептері бойынша өтінішін түсу емтиханы өткізу барысында береді.

7.14 Докторантураға түсуші тұлғалар мазмұны бойынша ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеу апелляциясына өтінішті 30 минут ішінде береді. Докторантураға түсуші тұлғалардан мазмұны бойынша ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеу апелляциясы мынадай жағдайларда қаралады:

7.14.1 Дұрыс жауап дұрыс жауаптар кодымен сәйкес келмейді (дұрыс жауаптың нұсқасы көрсетіледі);

7.14.2 Дұрыс жауап жоқ;

7.14.3 Барлық ұсынылған жауаптардың ішінен бір дұрыс жауапты таңдау арқылы тест тапсырмаларында бір бірден артық дұрыс жауап бар (дұрыс жауаптардың барлық нұсқалары көрсетіледі);

7.14.4 Тест тапсырмасы дұрыс құрастырылмаған.

7.15 Республикалық апелляциялық комиссияның шешімі түпкілікті болып табылады және қайта қарауға жатпайды. Эссе жазу білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауап жазу бөлімдерінен апелляцияға берілген өтініште әрбір тест тапсырмасы бойынша дәлелді негіздеме көрсетілмесе (жауап жоқ, толық түсіндірме, тапсырманың толық шешімі), қарастыруға жатпайды.

7.16 Апелляциялық комиссия өтінішті қарау кезінде апелляцияға берген тұлға жеке басын куәландыратын құжатты ұсынады.

7.17 Апелляциялық комиссияның шешімі комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төраға және барлық комиссия мүшелері қол қойған хаттамамен ресімделеді.

7.18 Түсу емтихандарын және КТ өткізу кезінде тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету мақсатында КТ өткізу пункттеріне және университеттерге ҚР ҒЖБМ өкілдері жіберіледі.



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2027 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ 2024 жылы магистратурасы мен докторантурасына қабылдау туралы» Ереже	ШҚУ Е 001-24	37 беттің 23 беті

8 Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау

8.1 Ғылыми-педагогикалық магистратураға тұлғаларды ақылы негізде қабылдау КТ қорытындылары бойынша осы қағиданың **5-қосымшасына** сәйкес оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратураға кешенді тестілеу үшін 150 балдық бағалау жүйесінің шәкіліне сәйкес кемінде 75 балл, бұл ретте шет тілі бойынша кемінде 25 балл, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бір дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 7 балл, бір немесе бірнеше дұрыс жауап таңдау бойынша – кемінде 7 балл, оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша – кемінде 7 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

8.2 Оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін бейінді магистратураға тұлғаларды ақылы негізде қабылдау КТ қорытындылары бойынша осы қағиданың **6 қосымшасына** сәйкес оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін бейінді магистратурада білім алу үшін кешенді тестілеу үшін 70 балдық бағалау жүйесінің шәкіліне сәйкес кемінде 30 балл, бұл ретте бұл ретте білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бірінші бейінді пән бойынша – кемінде 7 балл, екінші бейінді пән бойынша – кемінде 7 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

8.3 Оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін бейінді магистратураға тұлғаларды ақылы негізде қабылдау КТ қорытындылары бойынша осы қағиданың **7-қосымшасына** сәйкес оқыту ағылшын тілдерінде жүргізілетін бейінді магистратурада білім алу үшін кешенді тестілеу үшін 70 балдық бағалау жүйесінің шәкіліне сәйкес кемінде 30 балл, бұл ретте білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бірінші бейінді пән бойынша – кемінде 7 балл, екінші бейінді пән бойынша – кемінде 7 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

8.4 Бейінді магистратураға саяси және әкімшілік қызметшілер лауазымдарының тізіліміне, тиісті салалардағы азаматтық қызметшілері лауазымдарының тізіліміне сәйкес басшы лауазымында кемінде бес жыл өтілі бар немесе білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес мамандығы бойынша кемінде 10 жыл еңбек өтілі бар тұлғалар университеттің қабылдау комиссиялары өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша ақылы негізде қабылданады.

8.5 Докторантураға тұлғаларды ақылы негізде қабылдау шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификатының негізінде және докторантураның білім беру бағдарламалары топтарының бейіні бойынша



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2027 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ 2024 жылы магистратурасы мен докторантурасына қабылдау туралы» Ереже	ШҚУ Е 001-24	37 беттің 24 беті

түсу емтиханының қорытындысы бойынша және мүмкін болған 100 балдан кемінде 75 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

8.6 Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алу үшін КТ және (немесе) түсу емтиханы бойынша ең жоғары балл жинаған тұлғалар конкурстық негізде қабылданады:

8.6.1 Ғылыми-педагогикалық магистратура үшін **5 қосымшаға** сәйкес кемінде 75 балл, бұл ретте шет тілі бойынша кемінде 25 балл, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бірінші бейінді пән бойынша – кемінде 7 балл, екінші бейінді пән бойынша – кемінде 7 балл, оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бойынша – кемінде 7 балл;

8.6.2 Оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін бейінді магистратура үшін **6-қосымшаға** сәйкес кемінде 30 балл, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бірінші бейінді пән бойынша – кемінде 7 балл, екінші бейінді пән бойынша – кемінде 7 балл;

8.6.3 Оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін бейінді магистратура үшін **7-қосымшаға** сәйкес кемінде 30 балл, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша: бірінші бейінді пән бойынша – кемінде 7 балл, екінші бейінді пән бойынша – кемінде 7 балл;

8.7 Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша докторантурада білім алу үшін түсу емтиханынан кемінде 75 балл жинаған тұлғалар конкурстық негізде қабылданады.

8.8 Конкурстық балдардың көрсеткіштері бірдей болған жағдайда, докторантураға қабылдау кезінде басым құқық білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша түсу емтиханында ең жоғары баға алған тұлғаға беріледі. Содан соң эссе, білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес ғылыми жетістіктері: ғылыми жарияланымдар, оның ішінде Clarivate Analytics компаниясының Web of science деректер базасының Journal Citation Reports деректері бойынша соңғы күнтізбелік 3 жылдағы 1, 2 квартильге кіретін рейтингтік ғылыми басылымдардағы жарияланымдар; ғылыми әзірлемелер туралы куәліктер; ғылыми стипендияларды, гранттарды тағайындау туралы сертификаттар; ғылыми конференцияларға және конкурстарға қатысқаны үшін берілген грамоталар /дипломдар ескеріледі.

8.9 Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша игерілмеген орындар, оның ішінде нысаналы орындар университеттер арасында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының тобы бойынша одан әрі қайта бөлу үшін өтінім түрінде білім беру, денсаулық сақтау және мәдениет саласындағы уәкілетті органдарға күнтізбелік жылғы 15 қазанға дейін қайтарылады.

8.10 Университет білім беру саласындағы уәкілетті органдарға күнтізбелік 10 күн ішінде қабылдауды ұйымдастыру және өткізу бойынша



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2027 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ 2024 жылы магистратурасы мен докторантурасына қабылдау туралы» Ереже	ШҚУ Е 001-24	37 беттің 25 беті

қорытынды есепті, сондай-ақ мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша магистратураға және докторантураға қабылдау туралы бұйрықтардың көшірмелерін ұсынады.

9 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау

9.1 Жергілікті бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша конкурсқа қатысу үшін түсушілер университетке күнтізбелік жылдың 25 тамызына дейін:

9.1.1 Өтініш (еркін нысанда);

9.1.2 Жоғары білімі туралы құжат (түпнұсқа);

9.1.3 КТ сертификатын және осы Қағидалардың 5.22 тармағында көрсетілген бағдарламалар бойынша тест тапсырғаны туралы сертификаттың көшірмесін (бар болған жағдайда магистратура үшін);

9.1.4 Шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын сертификат және білім беру бағдарламасының тобы бойынша түсу емтиханын тапсырғаны туралы балы көрсетілген үзіндіні (докторантура үшін);

9.1.5 Еңбек кітапшасының көшірмесін (бар болған жағдайда);

9.1.6 Жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін.

9.2 Мемлекеттік білім беру тапсырысына конкурс КТ және/немесе білім беру бағдарламасының топтары бойынша түсу емтиханының балына сәйкес жүргізіледі.

10 Бейінді магистратураға ақылы негізде қабылдауға әңгімелесу өткізу тәртібі

10.1 Мерзімді әскери қызмет өткергеннен кейін үш жыл ішінде бейінді магистратураға ақылы негізде мерзімді әскери қызмет өткерген адамдарды қабылдау университеттің қабылдау комиссиялары күнтізбелік жыл ішінде өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша түсу емтихандарынсыз жүзеге асырылады.

10.2 Бейінді магистратураға саяси және әкімшілік қызметшілер лауазымдарының тізіліміне, тиісті салалардағы азаматтық қызметшілері лауазымдарының тізіліміне сәйкес басшы лауазымында кемінде бес жыл өтілі бар немесе білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес мамандығы бойынша кемінде 10 жыл еңбек өтілі бар тұлғалар университеттің қабылдау



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2027 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ 2024 жылы магистратурасы мен докторантурасына қабылдау туралы» Ереже	ШҚУ Е 001-24	37 беттің 26 беті

комиссиялары өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша ақылы негізде қабылданады.

10.3 Бейінді магистратураға ақылы негізде қабылдауға әңгімелесу өткізу үшін университетте білім беру бағдарламаларының топтары бойынша комиссиялар құрылады.

10.4 Білім беру бағдарламаларының топтары бойынша комиссиялар университеттің профессорлық-оқытушылық құрамынан, ғылым докторы немесе кандидаты ғылыми дәрежесі немесе тиісті бейін бойынша философия докторы (PhD) дәрежесі бар университет қызметкерлерінен құралады. Комиссия мүшелерінің саны тақ санды құрайды.

10.5 Комиссиялардың құрамы олардың төрағаларын көрсете отырып, басқарма төрағасы - ректордың бұйрығымен бекітіледі.

10.6 Оқуға түсушілердің өтініштерін қабылдауды университеттің қабылдау комиссиясы келесі мерзімдерде жүргізеді:

10.6.1 Күntізбелік жылдың 1 маусымынан 15 шілдесіне дейін;

10.6.2 Күntізбелік жылдың 1-18 қарашасы аралығында.

10.7 Әңгімелесу келесі мерзімдерде өткізіледі:

10.7.1 Күntізбелік жылдың 20 шілдесінен 10 тамызына дейін;

10.7.2 Күntізбелік жылдың 19 қарашасынан 11 желтоқсанына дейін.

10.8 Әңгімелесуге қатысу үшін оқуға түсушілер қабылдау комиссиясына мынадай құжаттарды ұсынады:

10.8.1 Әңгімелесуге қатысуға өтініш;

10.8.2 Жоғары білім туралы құжат (түпнұсқа);

10.8.3 Жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі);

10.8.4 Өлшемі 3x4 сантиметр болатын алты фотосурет;

10.8.5 075/у нысаны бойынша медициналық анықтама;

10.8.6 Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери билетінің көшірмесі (түпнұсқасын көрсеткен кезде).

10.9 Әңгімелесу ауызша түрде қабылдау комиссиясының төрағасы бекіткен кестеге сәйкес жүргізіледі.

10.10 Оқуға түсушілермен әңгімелесу өткізу рәсімі екі кезеңнен тұрады:

– комиссияның білім туралы құжаттарды тексеруі.

– оқуға түсушінің кәсіби және жеке қасиеттерін бағалау және оқуға дайындығын анықтау үшін оқуға түсушілермен ауызша әңгімелесу.

10.11 Әңгімелесуді өткізу қорытындылары белгіленген нысанда комиссияның хаттамасымен ресімделеді және нәтижелерді жариялау үшін қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (оның орынбасарына) беріледі.



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2027 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ 2024 жылы магистратурасы мен докторантурасына қабылдау туралы» Ереже	ШҚУ Е 001-24	37 беттің 27 беті

10.12 Комиссия хаттамасына Комиссия төрағасы және оған қатысып отырған барлық мүшелер қол қояды.

10.13 Хаттама әрбір түсушіге жеке ресімделеді және оның жеке ісіне тігіледі.

11 Шетел азаматтарымен әңгімелесу өткізу тәртібі

11.1 Шетел азаматтарын университетке ақылы негізде қабылдау Қабылдау комиссиясы күнтізбелік жыл ішінде өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

11.2 Университетте шетел азаматтарымен әңгімелесу өткізу үшін білім беру бағдарламаларының топтары бойынша комиссиялар құрылады.

11.3 Білім беру бағдарламаларының топтары бойынша комиссиялар университеттің профессорлық-оқытушылық құрамынан, ғылым докторы немесе кандидаты ғылыми дәрежесі немесе тиісті бейін бойынша философия докторы (PhD) дәрежесі бар университет қызметкерлерінен құралады. Комиссия мүшелерінің саны тақ санды құрайды.

11.4 Комиссиялардың құрамы олардың төрағаларын көрсете отырып, басқарма төрағасы - ректордың бұйрығымен бекітіледі.

11.5 Оқуға түсушілердің өтініштерін қабылдауды университеттің қабылдау комиссиясы келесі мерзімдерде жүргізеді:

11.5.1 Күнтізбелік жылдың 1 маусымынан 15 шілдесіне дейін;

11.5.2 Күнтізбелік жылдың 1-18 қарашасы аралығында.

11.6 Әңгімелесу келесі мерзімдерде өткізіледі:

11.6.1 Күнтізбелік жылдың 20 шілдесінен 10 тамызына дейін;

11.6.1 Күнтізбелік жылдың 19 қарашасынан 11 желтоқсанына дейін.

11.7 Әңгімелесуге қатысу үшін оқуға түсушілер қабылдау комиссиясына мынадай құжаттарды ұсынады:

11.7.1 Әңгімелесуге қатысуға өтініш;

11.7.2 Жоғары білім туралы құжат (түпнұсқа);

11.7.3 Жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі);

11.7.4 Өлшемі 3x4 сантиметр болатын алты фотосурет;

11.7.5 075/у нысан бойынша медициналық анықтама;

11.7.6 Тұруға ықтиярхат.

11.8 Әңгімелесу ауызша түрде қабылдау комиссиясының төрағасы бекіткен кестеге сәйкес жүргізіледі.

11.9 Түсушілермен әңгімелесу өткізу рәсімі екі кезеңнен тұрады:

– комиссияның білім туралы құжаттарды тексеруі;



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2027 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ 2024 жылы магистратурасы мен докторантурасына қабылдау туралы» Ереже	ШҚУ Е 001-24	37 беттің 28 беті

– оқуға түсушінің кәсіби және жеке қасиеттерін бағалау және оқуға дайындығын анықтау үшін оқуға түсушілермен ауызша әңгімелесу.

11.10 Әңгімелесуді өткізу қорытындылары белгіленген нысанда комиссияның хаттамасымен ресімделеді және нәтижелерді жариялау үшін қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (оның орынбасарына) беріледі.

11.11 Комиссия хаттамасына комиссия төрағасы және оған қатысып отырған барлық мүшелер қол қояды.

11.12 Хаттама әрбір түсушіге жеке ресімделеді және оның жеке ісіне тігіледі.

Қосымша: Магистранттар мен докторанттарды қабылдау ережелеріне ҚР ҒЖБМ нұсқаулық-нормативтік құжаттары бойынша және С.Аманжолов атындағы ШҚУ бұйрықтарының негізінде өзгерістер енгізуге болады.

12 Өзгерістер

12.1 Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу СІҚЕЖЖБӨ-нің рұқсаты бойынша жүзеге асырылады және өзгеріс туралы хабарлама құжат түрінде оның қолы қойылып ресімделеді. Өзгерту туралы хабарлама парағы белгіленген нысанға сәйкес ресімделеді және осы Ереже орналасқан барлық құрылымдық бөлімшелерге беріледі. Түпнұсқаға және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу ШҚУ ҚР 001-20 талаптарына сәйкес жүргізіледі. Сақтауға берілген Ережеге өзгерістер туралы хабарламаны шығаруды тек әзірлеуші жүргізеді. Ережеге өзгерістерді ҚБЖ өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу парағына міндетті түрде белгі қоя отырып енгізеді.

12.2 Түпнұсқаға және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулар енгізгені үшін СХЫЖАБ және ҚБЖ жауапты болады.

12.3 Ережені тексеру кезеңділігін есепке алу парағындағы жазбаны міндетті түрде енгізе отырып, үш жылда бір реттен сиретпей ҚБЖ-мен қайта қаралады.

12.4 Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін негіз болып табылады:

- заң күші бар нормативтік-құқықтық актілерге жаңадан енгізілген нормативтік құжаттарға жаңадан өзгерістер мен толықтырулар енгізілген заң күші бар құқықтық актілер;
- басқарма төрағасы-ректордың бұйрықтары;
- құрылымдық бөлімшелер арасында міндеттерді қайта бөлу;
- құрылымдық бөлімшелерді қайта ұйымдастыру;



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2027 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ 2024 жылы магистратурасы мен докторантурасына қабылдау туралы» Ереже	ШҚУ Е 001-24	37 беттің 29 беті

– СИҚЕЖжБӨ-нің рұқсатымен өзгерістер енгізу себептері көрсетілген ҚБЖ-нің қызметтік жазбасы.

12.5 Бөлімшенің атауы өзгерген кезде Ереже ауыстырылуы тиіс.

12.6 Ауыстырылған жағдайда университетте күші жойылған Ереженің барлық даналары алынып, жаңасына ауыстырылуы тиіс.

12.7 Ереженің ескіргендерін ауыстыру және алып тастау үшін ҚБЖ және СХЫжАБ жауапты болады.

12.8 Күші жойылған Ереже күшін жою үшін негіздемесін, күнін, «Күшін жойды» деген жазуды жасаған адамның қолын көрсете отырып, «Күші жойылды» деген жазумен белгіленеді және мұрағатқа орналастырылады. Мұрағаттық құжаттар жұмыс үшін пайдаланылмайды.

13 Келіссөздер, сақтау және тарату

13.1 ҚР-ның нормативтік-құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес Ережені келісуді ҚБЖ жүзеге асырады.

13.2 Ережені ҚБЖ әзірлейді.

Ережемен келісіледі:

- СИҚЕЖжБӨ-мен;
- басқарма мүшесі-академиялық мәселелер жөніндегі проректорымен;
- кеңесші-қабылдау комиссиясының жауапты хатшысымен;
- СХЫжАБ-нің жетекшісімен;
- құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімінің жетекшісімен;- заңгер-кеңесшімен;
- персонал және құқықтық қолдау басқармасының жетекшісімен;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің жетекшісі-комплаенс-офицермен;
- заңгер-кеңесшімен.

13.3 Ереже директорлар Кеңесі бекітеді және ол жойылғанға дейін әрекет етеді.

13.4 Ереже түпнұсқасы корпоративтік хатшыда сақталады, және оның сақталуы үшін корпоративтік хатшы жауапты болады.

13.5 Құрылымдық бөлімшенің барлық қызметкерлерінің ҚБЖ мазмұнымен жеке танысқаны үшін КБЕ түпнұсқасымен танысу парағына қол қойғызып, осы Ереженің мазмұнымен міндетті түрде танысқаны туралы хабарлау жолымен жаңа қызметкерді университетке жұмысқа қабылдау кезінде ҚБЖ жауапты болады.

13.6 Есепке алынған Ережені жұмыс даналарын таратуды корпоративтік хатшы жүзеге асырады.

Am

	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2027 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ 2024 жылы магистратурасы мен докторантурасына қабылдау туралы» Ереже	ШҚУ Е 001-24	37 беттің 30 беті

13.7 Ереженің есепке алынған жұмыс данасының бөлімшеде сақталуы үшін ҚБЖ жауапты.

ӘЗІРЛЕГЕН:

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімінің жетекшісі



Т.А. Абылайханова

КЕЛІСІЛДІ:

Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі жөніндегі басшылықтың өкілі



И.В. Ровнякова

Басқарма мүшесі-академиялық мәселелер жөніндегі проректор



Н.Б. Алимбекова

Кеңесші-қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы




Л.Т. Байжуманова

Стратегия, халықаралық ынтымақтастық және аккредиттеу бөлімінің жетекшісінің м.а.



Д.К. Ниғманова

Құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімінің жетекшісі




А.К. Чудобаева

Персонал және құқықтық қолдау басқармасы жетекшісінің уақытша м.а.



К.Р. Раисова

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы COMPLAINT қызметінің жетекшісі-комплаенс-офицер



К. Жексембаев

Заңгер-кеңесші



Д.М. Раева



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2027 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ 2024 жылы магистратурасы мен докторантурасына қабылдау туралы» Ереже	ШҚУ Е 001-24	37 беттің 31 беті

1-қосымша

GRE стандартталған тесттің халықаралық сертификатының балдарын оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратурада білім алу үшін КТ балдарына ауыстыру шкаласы

GRE халықаралық стандартталған тест			Кешенді тестілеу	
Тест секциялары	"Педагогикалық ғылымдар" білім салаларына арналған, "Гуманитарлық ғылымдар", "Әлеуметтік ғылымдар" кадрларды даярлау бағыттарына арналған балдар	"Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика", "Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар", "Инженерлік, өңдейтін және құрылыс салалары" білім салаларына арналған, "Бизнес және басқару" кадрларды даярлау бағыттарына арналған балдар	Тестілеу түрлері	Балл
Quantitative Reasoning	кемінде 155 балл	кемінде 160 балл	Оқуға дайындығын анықтауға арналған тест	30
			Білім беру бағдарламалары топтарының бейіні бойынша тест	70
Verbal Reasoning	145 балдан кем емес	кемінде 140 балл	Шет тілі бойынша тест	50
Analytical Writing	3 балдан кем емес	2 балдан кем емес		



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2027 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ 2024 жылы магистратурасы мен докторантурасына қабылдау туралы» Ереже	ШҚУ Е 001-24	37 беттің 32 беті

2-қосымша

GMAT стандартталған тесттің халықаралық сертификатының балдарын оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратурада білім алу үшін КТ балдарына ауыстыру шкаласы

GMAT халықаралық стандартталған тест		Кешенді тестілеу	
Тест секциялары	"Бизнес и управление" кадрларды даярлау бағыттарына арналған балдар	Тест түрлері	Балл
Quantitative Reasoning	кемінде 40 балл	Оқуға дайындығын анықтауға арналған тест	30
Integrated Reasoning	кемінде 4 балл	Білім беру бағдарламалары топтарының бейіні бойынша тест	70
Verbal Reasoning	кемінде 20 балл	Шет тілі бойынша тест	50
Analytical Writing	кемінде 3 балл		



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2027 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ 2024 жылы магистратурасы мен докторантурасына қабылдау туралы» Ереже	ШҚУ Е 001-24	37 беттің 33 беті

3-қосымша

Докторантура білім беру бағдарламалары топтарының тізбесі

Білім беру бағдарламасы тобының нөмірі	Докторантура білім беру бағдарламасы тобының атауы
D011	Физика педагогтерін даярлау
D012	Информатика педагогтерін даярлау
D014	Биология педагогтерін даярлау
D015	География педагогтерін даярлау
D016	Тарих педагогтерін даярлау
D017	Қазақ тілі және әдебиеті педагогтерін даярлау
D050	Философия және этика
D053	Тарих
D070	Экономика
D080	Биология
D089	Химия
D090	Физика
D092	Математика және статистика



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2027 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ 2024 жылы магистратурасы мен докторантурасына қабылдау туралы» Ереже	ШҚУ Е 001-24	37 беттің 34 беті

4-қосымша

GRE стандартталған тесттің халықаралық сертификатының балдарын докторантураға түсу емтиханы балдарына ауыстыру шкаласы

GRE халықаралық стандартталған тест			Түсу емтихандары	
Тест секциялары	"Педагогикалық ғылымдар" білім салаларына арналған, "Гуманитарлық ғылымдар", "Әлеуметтік ғылымдар" кадрларды даярлау бағыттарына арналған балдар	"Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика", "Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар", "Инженерлік, өңдейтін және құрылыс салалары" білім салаларына арналған, "Бизнес және басқару" кадрларды даярлау бағыттарына арналған балдар	Түсу емтихандары	Балл
Verbal Reasoning	149 балдан кем емес	145 балдан кем емес	Эссе жазу	5
Verbal Reasoning	160 балдан кем емес	150 балдан кем емес	Эссе жазу	7
Verbal Reasoning	165 балдан кем емес	160 балдан кем емес	Эссе жазу	10



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2027 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ 2024 жылы магистратурасы мен докторантурасына қабылдау туралы» Ереже	ШҚУ Е 001-24	37 беттің 35 беті

5-қосымша

Оқыту қазақ және орыс тілдерінде жүргізілетін магистратурада білім алу үшін кешенді тестілеудің 150-балдық бағалау жүйесінің шәкілі

Тест түрлері	Тапсырма нысаны	Тапсыру тілі	Тест саны	Балл	Шекті балл
Шет тілі бойынша тест*	Тыңдалым Лексика-грамматикалық тест Оқылым	Ағылшын/ Неміс/ Француз	50	50	25
Оқуға дайындығын анықтауға арналған тест	Бір дұрыс жауапты таңдау	Қазақ/ Орыс	30	30	7
Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест **	Бір дұрыс жауапты таңдау	Қазақ/ Орыс	30	30	7
	Бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдау	Қазақ/ Орыс	20	40	7
Барлығы			130	150	75



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2027 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ 2024 жылы магистратурасы мен докторантурасына қабылдау туралы» Ереже	ШҚУ Е 001-24	37 беттің 36 беті

6 қосымша

**Оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін бейінді магистратурада
білім алу үшін кешенді тестілеудің 70 балдық бағалау жүйесінің
шкаласы**

Тест түрлері	Тапсырма нысаны	Тапсыру тілі	Тест саны	Балл	Шекті балл
Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест	Бірінші бейінді пән бойынша	Қазақ/Орыс	30	30	7
	Екінші бейінді пән бойынша	Қазақ/Орыс	20	40	7
Барлығы			50	70	30



	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2027 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ 2024 жылы магистратурасы мен докторантурасына қабылдау туралы» Ереже	ШҚУ Е 001-24	37 беттің 37 беті

7-қосымша

Оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін магистратурада білім алу үшін кешенді тестілеудің 70-балдық бағалау жүйесінің шәкілі

Тест түрлері	Тапсырма нысаны	Тапсыру тілі	Тест саны	Балл	Шекті балл
Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест	Бір дұрыс жауапты таңдау	Ағылшын	30	30	7
	Бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдау	Ағылшын	20	40	7
Барлығы			50	70	30

Handwritten signature


	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ		Келесі тексеру мерзімі 2027 ж.
	«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ 2024 жылы магистратурасы мен докторантурасына қабылдау туралы» Ереже	ШҚУ Е 001-24	37 беттің 38 беті

8 – қосымша


Докторантураға түсуге арналған бағалау жүйесінің 100-балдық шкаласы

Тест түрлері	Балл
Университеттің емтихан комиссиясы оқуға түсушімен өткізетін әңгімелесу	30
Эссе	20
Білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтары	50
Барлығы	100



[illegible]

An

[illegible]